

ТӨЛЕНОВА З.М.

Ш.Ш. Уәлиханов атын. Тарих және этнология институты, т.ғ.к.

**АКАДЕМИКТЕР С.С. БЕЙСЕМБАЕВ және М.Қ. ҚОЗЫБАЕВ:
тұлғалар арасындағы өзара ықпалдастық**

Тарих қойнауына тереңдеп ене бастаған Кеңес заманында дүниеге келіп, ғалым ретінде қалыптасқан қазақ тарихының көрнекті өкілдері, танымал мемлекет қайраткерлері, көрнекті ғылыми-ұйымдастырушылар, ұлтымыздың руханиятын жаңа сапалы биікке көтеруге зор үлес қосып, артына мол, айтулы да мазмұнды қазына қалдырған қос ғалым - С.С. Бейсембаев пен М.Қ. Қозыбаев тарих ғылымына бар өмірін арнаған жандар. Алғашқысы бар саналы ғұмырын кешегі кеңестік кезеңдегі қазақ ғылымына сарп етсе, оны өмірдегі ұстазы санаған, ағалық қамқорлыққа інілік ізеттілікпен жауап бере алған М. Қозыбаев сол кезеңде толық қалыптасқан ғалым ретінде танылса, кейінгі тәуелсіздік жылдарында ұлт тарихының сардарбегіне айналып қана қоймай, ұлттық мүдде мен мақсаты жолында қызмет еткен ұлт перзенті – қайраткерлік тұлғасымен ел алғысына бөленді. Қос ғалым-қайраткердің қоғамдық тағдыры ұлттық мәдениетіміздің кеңес дәуіріндегі алдыңғы буын өкілдерінің тағдырымен, өмір жолымен ұқсас. Олардың өмірінің, шығармашылығының рухани және әлеуметтік ортақ екі негізі бар.

Рухани тұрғыдан алғанда олар кәсіби мамандыққа да, қайраткерлікке де халықтың тартқан ауыр азапты жылдарымен бірге есейіп, ауылдың өмірінен нәр алып өскен өскін ретінде келді. Халқымыздың бай ауыз әдебиеті және ауызша шежіре-тарих айту бейне қамшының өріміндей, домбыраның қос ішегіндей қатар жүріп қашанда ел арасында ұрпақ тәрбиелеудің өзіндік дара мектебі болған. Міне ұлт мақтанышына айналған қос тұлғаны қалыптастырған бастау рухани мектептер осы.

XX ғасырдың екінші жартысында қоғамдық ғылымның мәртебесі қайта өрлеген тұста өмірлік таңдауын ғылымнан іздеген М. Қозыбаев Қостанай педагогикалық институтынан Алматыға ауысады. ҚазКСР Ағарту министрлігінің қызметін ауыстыру жөніндегі бұйрығына сәйкес М. Қозыбаев 1958 жылдың қыркүйегінен бастап Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының партия тарихы секторының аға ғылыми қызметкері болып қабылданады. Институтқа ұстазы академик Серікбай Бейсембаевтың шақыртуымен келген ол осында 16 жыл үздіксіз қызмет етеді. Осы институт қабырғасында ғылым мен қоғамдық істерге кеңінен араласа жүріп, ғылым жолындағы қиырлы баспалдақтар мен асқаралы асуларды бағындырды. Алғашқы жеңістер мен жетістіктер де, алғашқы сүріну мен жеңілістер де осында өтті [1].

Академик С. Бейсембаевтың өмірі мен қоғамдық қызметі толығымен Қазақстан мен Орталық Азияда кеңестік мемлекеттіліктің орнығуы кезеңіндегі мүдделердің қақтығысы тұсында, яғни қазақтардың отырықшылық өмірге

көшуі, жаппай ұжымдастыру, аштық, қуғын-сүргін, сондай-ақ қоғамдағы рухани өсудің алғашқы белестері, коммунизм құрудың идеяларына барынша сенген халықтың толығымен билікті қолдауымен қатар қорқыныш пен үрей басым болған және соғыс қаупі белең алған аса ауыр аумалы-төкпелі аралықта қалыптасты.

Ол жастық шағындағы кездескен қиыншылықтарға қарамастан, ауыл мектебінде алған бастауыш білімін І басқышты Павлодар мектебінде, кейіннен Семей өндірістік-экономикалық техникумында жалғастырады. Осыдан кейін 1931 ж. Воронеж сауда-тауартану институтына түсіп, Харьков советтік сауда институтының тауартанушы-экономист дипломын алып шығады. Біраз жылдар осы салада қызметте болады да, армиядан келгеннен кейін Қазақстан ЛКЖО ОК, ҚКП(б) ОК жанындағы Жоғарғы насихат мектебінде әр түрлі лауазымдық қызмет атқарады, ал 1940 ж. Минск қаласындағы Әскери-саяси училищеге партия тарихы пәнінен оқытушылыққа ауыстырылады. Соғыс басталған соң әскери оқу орнындағы еңбек жолын өз өтініші бойынша майдан даласындағы ұрыстарға ауыстырып, борышын өтеуге аттанады. Сталинград, Солтүстік-батыс, 3-ші Белорусь майдандарында ұрыстарға саяси бөлімнің насихатшысы ретінде қатыса жүріп, Вильнюс түбінде ауыр жарақат алады. Соғыс аяқталғаннан кейін де 1946 жылдың шілдесіне дейін әскери қызметін жалғастырады [2].

Осы 1946 жылдың қараша айынан бастап оның қызметі ғылыммен, оның ішінде партия тарихымен тығыз байланыста өтеді. Сол жылдардағы Республикалық жоғарғы партия мектебі, Қоғамдық ғылымдар академиясы, Қазақ мемлекеттік университеті, Қазақстан КП ОК ғылым және мәдениет бөлімі секілді мәртебесі жоғарғы мемлекеттік қызметтер мен білім ошақтарында жұмыс істей жүріп, тарих ғылымдары кандидаты дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысын да сәтті қорғайды.

Ал 1957 ж. Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтының директорлығына тағайындалады, арасында Қазақстан КП Орталық Комитетінде, ҚазКСР Жоғарғы білім министрліктерінде қызмет етеді, 1964 жылдан 1979 жылдың қазанына дейін үздіксіз 15 жыл Партия тарихы институтын басқарды.

Міне осындай жауапты да биік әкімшілік лауазымды қызметтерді атқара жүріп Серікбай Бейсембаев ғылымнан бір сәтте қол үзген жоқ. Докторлығын қорғады, зерттеудің өзегі болған мәселе бойынша кеңейтіліп жазылған «Ленин и Казахстан (1897-1924)» атты монографиялық еңбегі үшін 1970 ж. ҚазКСР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының игері атанды және осы жылы академияның корреспондент-мүшелігіне сайланды.

Ғалым беделі және ғылыми-ұйымдастырушылық қасиеті осы институтты басқарған жылдары барлық қырынан ұшқырланып, одақ көлеміне кеңінен таныла түсті. С. Бейсембаевтың бастамасымен қолға алынып, үйлестіруші-ұйымдастырушылығымен жүзеге асырылған Қазақстан және Орта Азия тарихшыларының бірлескен «История коммунистических организаций Средней Азии», «К социализму, минуя капитализм. Исторический опыт КПСС по

социалистическому строительству в Средней Азии и Казахстане в 1917-1937 гг.», «На пути к развитому социализму» атты республикалық ұжымдық еңбектер осының жарқын айғағы [3, с.3-8].

Қайраткер-ғалым С. Бейсембаев басқарған жылдары институттың беделі Одақ көлемінен шығып, алыс шетелдік байланыстарға да қол жеткізді. Ол ұзақ жыл басқарған Институт ұжымы 1972 жылы 50 жылдық меретойына орай ғылыми-зерттеу қызметіндегі сіңірген еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Осыған орай “Вечерняя Алма-Ата” газетіне берген сұхбатында институт директоры, ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы Серікбай Бейсембайұлы: “Қазір біздің ұжымда алпыстан астам ғылыми қызметкер бар. Олардың үшеуі ғылым докторлары болса, он екісі кандидат. Қызметкерлердің көпшілігі мұнда бірнеше жылдар бойы қызмет етіп келеді. Мысалға, марксизм-ленинизм классиктерін аударушы Әзиз Әбішұлы Әбішевтің стажы отыз жыл. Ғылыми қызметкерлер, тарих ғылымдарының кандидаттары Зоя Александровна Голикова мен Ағзам Әубәкірұлы Байшин институтта ширек ғасырға жуық уақыт қызмет етіп келеді. Тарих ғылымдарының докторлары, көптеген ғылыми еңбектердің авторлары Павел Михайлович Пахмурный мен Манаш Қабашұлы Қозыбаев көп жылдан бері жауапты бөлімдерді басқарып келеді. Осы жандардың және өзгелердің еңбексүйгіштігі, бастамалары, табанды ғылыми ізденістерінің арқасында біздің институт үкіметтік марапаттауға ие болып отыр”,- деп өз қызметкерлерінің ғылыми табыстарына деген ризашылыққа толы жауабын береді [4].

Ұжым қол жеткізген табыстары үшін мемлекеттік құрметке ие болса, оның басшысы С. Бейсембаев Қазақ КСР Еңбек сіңірген ғылым қайраткері құрметті атағына ие болды. Араға жылдар салып барып, 1975 ж. ҚазКСР Ғылым академиясының толық мүшелігіне (академик) өтеді.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, институт қызметінің тағы бір міндеті мерейтойлық шаралар мен соларға арналған ғылыми конференцияларды ұйымдастыру, олардың жинақтарын және өзге де құжаттық жинақтарды шығару болатын. Бұлардың барлығы дерлік ұйымдастырушылық қасиетпен қатар үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Халқымыз ел басына ауыр күн туған шақта қолына қару алып, елдікті қорғаған, халық бостандығы жолында жанын қиған батырлардың ерлік істерін аңызға айналдырып, ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға өсиет етіп қалдырып отырған. Сондай аты аңызға айналған ардагер ұлдардың бірі – Аманкелді Үдербайұлы Имановтың туғанына 100 жыл толу құрметіне арналған шаралар 1973 жылы республика көлемінде кеңінен аталып өтті. Осы мерекелік шаралардың аясында академик С.Б. Бейсембаевтың редакциялық етуімен, құрастырушылар М. Қозыбаев пен П.М. Пахмурныйдың ізденістерінің нәтижесінде “Аманкелді Иманов. Мақалалар, құжаттар, материалдар” атты құжаттық жинақ екі тілде жарыққа шығады [5].

Сонымен қатар С. Бейсембаев пен М. Қозыбаевтың бірлескен авторлығында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің Торғай ошағының сардарбегіне арналған мақалалары жарық көреді. Онда қазақ даласындағы 1916

жылғы көтерілістің басшысы А. Имановтың Торғай облысы Кеңестерінің алғашқы съезіне делегат болып қатысуы, Торғай уезінің әскери комиссары болып сайланған Аманкелді жасағы Кеңес өкіметін нығайту жолында батыл күрескендігі дәйекті жазылады. Сайып келгенде, езгі мен зорлыққа төзе алмаған халықтың сардарбегі бола алған Аманкелдінің қанаушыларға қарсы, отаршылық саясатқа қарсы күрес барысында шындалып, саяси санасы өсіп, аңғал батырдан бұғанасы қатайған басшыға көтерілуі аз ғана уақыт арасында өткен тарихи үрдістің шынайы көрінісі екендігін көрсетеді [6].

Бұл дағы ғылым мен қоғамдық істерде шындалған жандардың арасындағы рухани ықпалдастық дәлелінің тағы бір жарқын көрінісі болып табылады.

Серікбай Бейсембаев та, Манаш Қозыбаев та сан қыруар ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыстарын аса маңызды қоғамдық істермен әдемі ұштастыра алған. Екеуі де «Білім» қоғамында белсенділік танытты, Қазақ Советтік Энциклопедиясының, ҚазКСР Ғылым академиясының редакциялық кеңестерінде мүше болды. М. Қозыбаев Қазақ энциклопедиясының Бас редакторы болды, республиканың Жоғары Кеңесінің депутаттығына сайланды және өзге мемлекеттік комиссия құрамында келелі мемлекеттік мәселелерді шешуге араласты.

Ғылым мен қайраткерлікті қатар алып жүрген С.Б. Бейсембаев Қазақстан КП ОК ғылым және мәдениет бөлімінің меңгерушісі кезінде алғашқылардың бірі болып қазақ әдебиеті мен ғылымының кеменгерлері М.О. Әуезов пен Е. Бекмахановты ақтауды көтерді және олардың қайтадан белсенді шығармашылық өмірге оралуына ықпал етті.

Ал «горбачевтік» қайта құру жылдарында Қазақстан КП ОК-нің республика тарихындағы “ақтаңдақтар” мәселелері жөніндегі идеологиялық комиссия жұмысында ғалым-сарапшылар құрамында жұмыс жасаған М. Қозыбаев “Қазақстан КП (б) ОК 40-шы жылдар мен 50-ші жылдардың бас кезінде қоғамдық ғылымдар қабылдаған кейбір қаулылары туралы анықтама” мен “Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы” жайында анықтама дайындауға қатысады [7]. Ғалым-қайраткер, депутат М. Қозыбаев арқалаған аманаттың салмағы да берген нәтижесі де әр түрлі комиссиялардың құрамында атқарған істерден өз қолтаңбасындай анық жарқырап көрініп тұрады. Соның бірі “1928 ж. 27 тамыздағы ХКК мен ҚОАК-тің “Байлар шаруашылығын кәмпескелеуі”, 1930 ж. 19 ақпандағы “Ұжымдастыру мәселесін нығайту мен бай, құлақтарға қарсы күрес жүргізуге” қатысты шыққан жарлықтарын тереңдете зерттеу мәселесіне құрылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумы комиссиясының төрағасы міндетінің ақталғандығы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1991 ж. қарашада құрған Парламенттік арнайы комиссия бір жыл жұмыс істеп, 1920-1930 жж. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін және 1931-1933 жж. жаппай ашаршылықтың себептері мен зардаптарын арнайы сараптаудан өткізді.

Бұл мысалдарды келтіріп отырған себебіміз - ұстаз жүрген соқпақтардан өткен шәкірттің бағындырған белестерін көрсету.

С. Бейсембаевтың замандастары мен қызметтес әріптестері оның өзінің айналасындағыларға шыққан тегі мен ұлтына, лауазымдық дәрежесіне қарамай тең, үнемі жылы достық қарым-қатынаста ұстайтындығын еске алады. Айналасындағыларға өз шуағын шаша жүретін азамат мейірбандылығымен ерекшеленіп, кез-келген уақытта білікті ғылыми кеңестерін, достық ақыл-кеңесін беруден жалықпайтын. Ол әсіресе, жас буын ғалымдарды қолдап, әкелік қамқорлығын танытатын, олардың ғылымдағы бағытын дұрыс таңдап кетуіне жол көрсететін.

Міне осынау бір адамгершілік пен ізгілікке толы терең қасиеттер академик Манаш Қозыбаевқа да тән еді. Оның бойындағы өзіне ғана тән асқан парасаттылық пен адамгершіліктің лебі күні бүгінге дейін шәкірттері мен әріптестері, замандастары, өмірі ағысы барысында бір ғана рет кездесіп, тілдескен жандардың жадында сақтаулы. Сондықтан болар оның артында қалған ғылыми мұрасы қандай терең болса, сонынан ерген шәкірттері де қалың бір іргелі ел болып, бүгінгі тарих ғылымының көшін түзеуде.

Ал енді осы екі арыстың ғылымдағы жолдарын түйістірген Партия тарихы институты негізінен Орталық Комитеттің тапсырысын орындайтын, марксизм-ленинизм шығармаларын аударумен, пленум, съездерге арнайы басылымдар дайындайтын. Ғылыми салада негізінен партия тарихы мен құжаттар жинақтарын шығарумен айналысатын. Сондай-ақ, мұнда басты назар «Коммунистік партия тарихы очерктерін» дайындауға аударылатын да, барлық бөлім қызметкерлерінің ғылыми жұмыстары соның тарауларына қарай анықталатын.

Міне осындай беделді ғылымды ұйымдастырушы, ғалым-қайраткердің шақыртуымен астанаға ауысқан, С. Бейсембаевтың ізбасарларының бірі болған Партия тарихы секторының аға ғылыми қызметкері М. Қозыбаев жоғарыда айтылған “Очерктің” XII тарауын “Қазақстан Коммунистік Партиясы Ұлы Отан соғысы кезеңінде (1941-1945 жж.)” Ғ. Әбішевпен бірге дайындайтын автор болып бекітіледі. Сонымен қатар, Д. Исқақова, Е. Құлыбаев, Н. Нейцтермен бірге “Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында” деген екі томдық құжаттар мен материалдар жинағының, “Совет Одағының батырлары – қазақстандықтар” анықтамалығының орындаушысы болып бекітіледі [8]. Міне, осылайша М. Қозыбаев Отан соғысы кезіндегі Қазақстан тарихын, Қазақстан Коммунистік партиясының соғыс жылдарындағы басшылық рөлін зерттеуші болып қалыптасуының алғы шарттары пайда болады.

“Очерктер” редакциялық алқасының 1960 ж. 13 қыркүйекте өткен кезекті мәжілісінде оның хатшылығына М. Қозыбаев тағайындалып, құрамында Ш. Шафиро, З.А. Голикова, Т. Жанкелдин, т.б. бар 11 адамнан жұмысшы тобы құрылды.

Институтта аға ғылыми қызметкерліктен бастаған М. Қозыбаев партия тарихы құрылысы бөлімінің меңгерушісі, ғылыми хатшы, редакциялық алқа хатшысы, партия ұйымының хатшысы т.б. қызметтерді атқара жүріп, ұжымның барлық ғылыми және қоғамдық өміріне араласады.

Парттарихы институтында Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихы, партия тарихы саласына маманданған, қаламы әбден төселген М. Қозыбаев зерттеу жұмыстарын жүргізуді қалтарыста қалдырмаған. Осы институт қабырғасында жүріп ол кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғап, “Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.)”, “Казахстан – арсенал фронта”, “Золотой фонд партии. Из опыта кадровой политики КПСС” атты қадау-қадау іргелі монографиялық еңбектерін жазды. Сондай-ақ талантты ғалым ретінде бүкілодақтық көлемде жазылған сүбелі еңбектерді жазуға қатысып, одақтық қоғамтанушылар арасында үлкен беделге ие болды. Осы институт қабырғасында оған профессор атағы берілді. Тарих ғылымдарын дамытудағы жетістіктері үшін 1973 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен және КОКП Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Дегенмен, осындай сәтімен басталған ғылыми ізденістерге толы жылдардың ауыртпалығы мен көңілге қаяу түсірер сәттері де қатар жүрді. Олай дейтініміз, аталмыш институт қызметкері З.А. Голиковамен бірлескен авторлықтағы кітаптың жоғарғы жақтың тапсырмасы бойынша бірнеше рет талқылануға түсуі. Сөз Партия тарихы институты және оның қабырғасында жүріп халқына танылған екі алып тұлға туралы болып отырғандықтан осы бір мәселеге кеңірек тоқталуды жөн көрдік.

Қоғамтанушыларды қыспаққа алған кеңестік идеологияның тар шеңберінен шыға отырып, отандық тарих ғылымы үшін ынта-жігерімен еңбектенген ғалымның барлық жетістігі әрдайым да осылайша кең қолдау тауып отырды десек қателескен болар едік. М. Қозыбаев 70-ші жылдардың басында республикадағы қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал ете алатын қоғамтанушылардың алдыңғы қатарына шықты. Оның мұндай жоғары деңгейге көтерілуіне ғалымның соғыс және бейбітшілік, өлкені социалистік түрде модернизациялау, аймақтық-республикалық көлемдегі билік жүйесінің құрылымы, бүкіл шығыста өндіргіш күштерді дамыту және орналастыру проблемаларына арналған академиялық және ғылыми-көсемсөздік еңбектері негіз болды. Ұстаздары, ұлт мақтанышына айналған Е. Бекмаханов, Ә. Марғұлан, А. Нүсіпбеков, С. Бәйішев, Б. Сүлейменов, т.б. ғұлама ғалымдардан дәріс алып, кейбірімен қызмет бабында тікелей араласа бастаған ғалым кеңестік патриотизм идеясынан бір сәт аттап өтіп, ұлттық идеяларды негізге ала отырып, тың ізденістерге көшеді.

Ізденіс нәтижесінде жоғарыда айтылған әріптесі З.А. Голиковамен бірлесіп жазған “Золотой фонд партии. Из опыта кадровой политики КПСС” атты еңбектері жарық көреді [9]. Дегенмен, бұл жылдарда ұлтжанды қазақ зиялыларының үні шыға қоймаған еді. Әлі де орыс империясы тарихының аясынан шыға алмай, одан қалды жеке басқа табыну идеологиясының да серпілмей тұрған шағы болатын. Сондықтан кітап баспадан шықпай жатып, Қазақстан КП ОК үкімімен отқа жағылды. Орталық Комитеттің идеология бөлімінің кітаптан тапқан қатесі – сол кездегі Қазақстандағы кадрлар даярлау,

өсіру, қызметке тағайындау қағидаларының бұрмалаушылыққа ұшырап отырғандығының ақиқатын ашық айта алғандығы болды.

Монографияның бір данасын Москваға КОКП ОК жанындағы МЛИ-на жіберіп үлгергендіктен, авторлар профессор И. Юдиннің берген оң пікірін алған болатын. Оның пікірі бойынша монография құрылымы өте сәтті шыққан және авторлар алдына қойған мақсаттарын шеше алған. Қазан революциясынан кейін еліміздің ұлттық аудандарындағы кадр мәселелері шешілуінің қиындықтары объективті және қызықты фактілі материалдар негізінде талданғандығы бағаланады. Социалистік құрылыстың алғашқы кезеңіндегі орталықтан кадр жіберу, тағайындау мәселесінің осы күнге дейін жалғасып отырғандығын дәлелдей алған авторлар, мұнда әйел кадрларының дайындалу барысына да тоқталған [10].

Авторлардың жасаған тұжырымдары билік орындарын қанағаттандыра алмады, сондықтан жоғарғы жақтың тапсырмасы бойынша Партия тарихы институтында кітап және оның авторлары жан-жақты талқылауға ұшырайды. Институттың 1974 ж. 9 қаңтардағы ғылыми кеңесі мен дирекцияның кеңейтілген мәжілісінде “М. Қозыбаев пен З.А. Голикованың 1973 ж. жарық көрген “Золотой фонд партии” кітаптарында жіберілген қателіктер жөнінде” арнайы мәселе қаралады. Мәселе бойынша институт директорының орынбасары П.М. Пахмурный кітапта жетекші кадрларды дайындау мен тағайындау, олардың теориялық білімдерін жетілдіру жөніндегі күрделі мәселе қарастырылғандығын, партия қарарлары мен шешімдері негізінде Қазақстан және басқа да ұлттық республикалардағы партия ұйымдары кадрларын дайындау тәжірибесі ғылыми тұрғыда жазылғандығын айта келіп, оның басты кемшіліктері мынада деп көрсетеді:

1. Кадр саясатын кезеңдеуде: а) 1917-1958; б) 1959-1973 жж.; 2. Кітаптың құрылымы; 3. Авторлар кітапқа партия және кеңес қызметкерлерін енгізуде Қазақстан КП ОК келіспеген, яғни кейбіреулері орынсыз аталып өтсе, республикалық қызметкерлер С. Ниязбеков, Ф. Кәрібжанов, І. Тәжиев, Г. Мельник, Н. Журиндер еңбеген; 4. Қазақстан КП X, XI, XII және XIII съездерінен алынған мәліметтерге орай қарарлық құжаттарға сілтеулер жасалмаған; 5. Целиноград облыстық партия конференциясында (ноябрь 1966 ж.) Есіл аудандық парткомының бұрынғы хатшысы И.А. Шендриктің “республикалар, облыстардан кадр шақыруға көп жүгінеміз. Аудандық партия хатшылығына да басқа республикадан адам алдырдық” деген сөзін келтіре отырып (121-б.), КОКП ОК ішкі кадр алмастырудағы орталықтандырылған кадр дайындау ісіне күмән тудырады; 6. Кітапта партияның Қазақстандағы кадр саясатын ғана қарастырудың орнына, өзге республикалардағы тәжірибелерге де көп орын берілген (20, 147, 151, т.б.); 7. “Сонымен бірге мына жағдай (республика халқының көпұлттылығы) партия комитеттерінің қызметін күрделендіре түседі және белгілі бір дәрежеде кадрлармен жұмысты қиындатады” (135-б.) деген пайымдаулары түсініксіз және нақтылы емес; 8. Кітаптың аты көрсетіп тұрғандай мұнда тек партия кадрлары қарастырылуы керек еді, “партияның алтын қорына” еңбейтін партияда жоқтар да енген; 9.

сондай-ақ мәдени революция, теңсіздікті жою, инженер-техник кадрлары мен ағартушылар құрамына да көпкөңіл бөлінген; 10. Қазақстандық тарихи және көркем әдебиеттегі Ф.И. Голощекинге қатысты кереғар пікірлер барын айта келіп, “Ф.И. Голощекин республикада жұмыс істеген жылдары ұлттық ерекшеліктер, жергілікті жағдайлармен есептесу жөніндегі лениндік өсиеттерді орындауда қажет жүйелілікті ескере бермеді” деген сәтсіз қорытынды жасаған, т.б. біраз кемшіліктерді ашуға тырысқан [11].

Айтар ойымызды нақты жеткізу үшін осы отырыс хаттамасында қабылданған шешіммен таныстыра кетейік:

Из протокола заседания дирекции института Истории партии при ЦК КП Казахстана об ошибках, допущенных в книге М.К. Козыбаева, З.А. Голиковой «золотой фонд партии».

г. Алма-Ата

9 января 1974 г.

Присутствовали: 24 человека (список прилагается).

Повестка дня:

1. Об ошибках, допущенных в книге М.К. Козыбаева и З.А. Голиковой «Золотой фонд партии», изданной в декабре 1973 г. издательством «Казахстан».

Слушали: Председательствующего С.Б. Бейсембаева.

Товарищи, сегодняшнее заседание дирекции для всех не совсем приятное, нам предстоит обсудить книгу, выпущенную тов. Козыбаевым М.К. и Голиковой З.А. «Золотой фонд партии». В настоящий момент эта книга из-за серьезных ошибок, допущенных авторами в ней, изъята из продажи. Это первый случай в истории Института, когда запрещают распространять научную продукцию. Сегодня нам нужно по деловому, с партийной принципиальностью обсудить и сделать критический анализ этого факта.

[...] ¹ Решение дирекции Института истории партии при ЦК КП Казахстана - филиала ИМЛ при ЦК КПСС по книге М.К. Козыбаева и З.А. Голиковой «Золотой фонд партии». - Алма-Ата, издательство «Казахстан», 1973 г., 172 с.

Обсудив вышедшую в издательстве «Казахстан» книгу «Золотой фонд партии», подготовленную вне плана зав[едующим] сектором партстроительства профессором Козыбаевым М.К. и старшим научным сотрудником сектора истории, кандидатом исторических наук Голиковой З.А., дирекция считает, что авторы книги допустили серьезные ошибки недостатки в освещении кадровой политики партии в Казахстанской пар-тийной организации. Они явились результатом неоправданной спешки в подготовке и сдачи рукописи в производство без широкого и детального обсуждения ее на дирекции или Ученом совете, переоценки своих сил и поверхностного подхода в разработке такой сложной и острой проблемы, результатом отсутствия должного контроля за внеплановыми работами со стороны дирекции Института.

¹ Әріптестердің кітап туралы берген пікірлері қосылмады.

Это первый случай в истории Института, когда книга, хотя и внеплановая, вышла с такими существенными ошибками и реализация которой задержана. Этот факт свидетельствует о серьезном пробеле в нашей работе и служит коллективу предупреждением и горьким уроком.

Дирекция постановляет:

... 2. За допущенные серьезные ошибки в указанной книге, за самовольные действия и пренебрежение мнением коллектива объявить тт. Козыбаеву М.К. и Голиковой З.А. строгий выговор.

...4. Обязать заведующих секторами поднять теоретический и политический уровень подготавливаемых плановых и внеплановых научных трудов, обстоятельно и глубоко обсуждая рукописи всех сотрудников Института. Внеплановые работы представлять для публикации только с разрешения дирекции.

5. Запретить авторам вносить какие-либо изменения и дополнения в рекомендованную для печати рукопись, а также корректуру без ведома дирекции.

6. Возобновить практику рецензирования подготовленных сотрудниками Института научных трудов в Институте марксизма-ленинизма при ЦК КПСС.

С. Б. БЕЙСЕМБАЕВ

председатель

А. [Р.] АКИМБЕКОВА

Т. IX.] ТЛЕУОВ

Секретари. [12]

Осылайша кітапта жіберілген қателіктерді саналай отырып талдаған мәжілісте дирекция шешімі қабылданып, кітапта жіберілген кемшіліктерді жіктеген анықтама дайындалып, оның көшірмесі төмендегі хатпен бірге ҚКП ОК-не жолданады. Сөзіміз дәлелді болу үшін Орталық Комитетке жолдаған институт директоры С. Бейсембаевтың хатынан үзінді келтірейік:

“ ЦК КП Казахстана

Дирекция ИИП при ЦК КП Казахстана – филиал ИМЛ при ЦК КОКП 9 января с.г. на своем заседании обстоятельно и принципиально обсудила книгу зав. Сектором партстроительства института проф. Козыбаева М.К. и старшего научного сотрудника сектора истории к.и.н. Голиковой З.А. “Золотой фонд партии” (10 п.л., изд. Казахстан), вышедшей в декабре 1973 г., изъятой из торговой сети и запрещенной распространять.

На заседании помимо докладчика выступило 10 чел. В докладе и выступлениях авторы книги подверглись острой и справедливой критике за допущенные политические, теоретические и фактические ошибки. Участники заседания осудили публикацию без ведома и разрешения дирекции этой порочной книги.

За допущенные ошибки в книге, за самовольное действие и пренебрежение мнением коллектива тт. Козыбаеву и Голиковой объявлен строгий выговор” [13].

Оларды жазалау осыменен аяқталмады. Қазақстан КП-ның 1976 жылғы ақпандағы XIV съезінде республика КП ОК есепті баяндамасында кітап туралы: “Қазақстан” баспасы М. Қозыбаев пен З. Голикованың “Золотой фонд партии” кітабын жарыққа шығаруда асығыстық танытты” деген жалпылама мәлімдеме жасайды [14]. Мұндай пікір, қанша дегенменде, оның ғылыми құндылығы маңызды, авторлар жасаған қорытындыларды мойындауға болатындығынан хабар берсе керек.

Осылайша өртеп жіберу арқылы оның кітабын жазалады, жанын жаралады. Қатаң партиялық сөгіс берілді. Он жарым жылдарға жуық айналысқан зерттеулерінен аластататылып, негізгі зерттеу мәселесі тарихтан алшақтау мал шаруашылығы саласы болып табылатын оқу орнына дәріс оқуға жіберді.

“Алтын қорда” (“Золотой фонд партии”) есімдері дәріптелгендердің қатарында аталмаған жандар Қозыбаевқа кешірім жасай алмады.

Дегенмен, осы аз ғана уақытта ғылыми қауымның қолына тиіп үлгерген монография туралы да өзбек ғалымы Ч. Абуталипов партияның ұлттық кадрлардың қалыптасуына бағыт беріп отырған саясатындағы нақты жолдары мен әдістерін, оларды шешу барысындағы қолданып отырған жүесінің шынайы және көлеңкелі тұстарын авторлар ашық көрсете алғандығын айта келіп: “Ұлттық аудандардағы кадр мәселесін шешудің қиындықтары мен ерекшеліктерін сипаттай келе, авторлар еңбекші бұқараның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірін талдауда қызықты сандық есептер, жинақталған мәліметтерді келтіре отырып, оларды ептілікпен жүйелеп, тиісті қорытындылай отырып, Орталық Азия республикалары мен Қазақстандағы кадр мәселесінің шешілуіндегі шиеленіскен күрделі жағдайдың объективті және субъективті факторларын сенімді ашып көрсете алған.

Авторлар мұндай факторлардың қатарына ең алдымен партия ұйымдарының жастығын, бұл аудандардың экономикасындағы аграрлық сипатты, жұмысшы табының аздығын, жергілікті халықтың мәдени дамуының төмендігін, осы аудандарда ұлыдержавалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдық арасында тартыс туып отырғандығын жатқызады”,- деп авторлардың тұжырымдарын қолдаған пікірін білдірді [15].

Араға жылдар салып барып, тағдыры талқыға түскен еңбек туралы академик “Қазақстан ғылымы” газетінің тілшісіне берген сұхбатында: “Біз әріптесім-тарихшы З.А. Голикова екеуіміз КОКП кадр саясатын кемістігі мен жетіспеушіліктерін ешбір өңдеусіз, боямасыз өткенді шолу көзқарасынан карауды шешкен едік.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары жетекші қызметтегілерді аз ғана уақыт ұстап, содан соң оларды не жоғары, не төмен жылжытатын.

Жеке басқа табынушылық тұсында кадрлар қозғалысы біржақты ғана жүрді – тек жоғарыдан (Орталықтан) – төмен (шет аудандарға). Мысалға, Қ КП ОК 323 хатшысының 2-уі ғана қазақ болған. Бұл қызметке тек орталықтан жіберілгендер тағайындалды. Осылардың барлығы туралы жаза келіп, біздер жалпы тұжырымдарымыз бен қорытындыларымызды жасадық” [16],- дей келе: «Онда біз “Слабо или почти не разработаны вопросы формирования

руководящих кадров в период социалистического строительства. Неполно раскрыта диалектика становления национальных кадров революционеров, умело сочетающих интернациональные и национальные задачи. Ждут исследования проблемы выдвиженчества, укрепления кадрами партийного аппарата, коренизация как своеобразный этап в кадровой политике КПСС. Почти нет самостоятельных исследований по изучению закономерностей интенсивного обмена кадрами в организациях партии. В существующей литературе преимущественно показывается движение кадров сверху вниз и совершенно не отражено движение снизу вверх”,- деп жазған едік (Золотой фонд партии. - А., 1973. - С. 6-7). Байқап отырсам, біз өзімізге-өзіміз үкім кесіппіз. Партияның кадр саясатын зерттеу, оның барша құпиясын ақтарады, партияның ұлы державалық сырын ашады, ұлтқа деген сенімсіздігін көрсетеді екен. Бұл тақырып шын мәнінде жабық проблема. Біз оның жанды жеріне пышақ салғандай болдық. Кадр мәселесі Қазақстан партия ұйымында құпиясы көп өмір саласы еді», деп сол бір ауыр сәттерді еске алады [17].

Осылайша, идеологиялық қыспақтың әсерінен тарихқа қиянат жасамай, ақиқаттан алыстап кете алмаған ғалым әріптесімен бірге партия тарихын бұрмалаушы, “саяси қырағылығы мұқалған” жандар болып шықты. Мұндай бағалау көп жылдар бойына ғалымның ғылыми аясын тарылтып, азаматтық өсу жолдарына да тосқауыл болғандығы өмір шындығы.

Сонымен монографиялық еңбек қолданылудан алынып тасталды да, ал ол көтерген кадр мәселесі көп жылдар бойына зерттеушілер үшін жабық тақырыпқа айналды.

Монографиялық еңбектің, партия тарапы басшылығынан аяусыз сынға алынуы, тек бір М. Қозыбаев пен З. Голикованың еңбектерін ғана шалып өткен жоқ. Ғылым академиясының Археология, тарих және этнография институтының одақтық көлемге танымал антрополог-ғалымы О. Смағұловтың еңбегі де осындай жағдайға іліккен болатын. Бұдан біздің байқайтынымыз, сол тұстағы республикалық идеологиялық басшылықтың ғылымға жосықсыз араласатындығы, соның салдарынан кеңестік жүйе тұсындағы зерттеулердің басым бөлігі конъюнктуралық арнада жазылғандығы.

Бірақ, өз жеңісін тек талмай ғылыми іздену екендігін түсінген ғалым басты мұратынан қайтпады. Идеология басшылары тарапынан түсінбестік туса да, ғылыми орта оның еңбегін бағалай алды, бұл ғалым үшін ең басты тірек еді. Қаламы мұқалмаған, жігері жасымаған ғалым ғылым жолындағы ізденісін жалғастыра берді.

Сонымен екі тұлғаның ғылыми-қоғамдық қызметтері мен өмір өткелдеріне шолу жасай отырып, тарихшылардың аға буыны мен орта буыны арасындағы өзара рухани байланыстың сабақтастықта жүргендігін байқаймыз. Парттарихы институтында С.Б. Бейсембаев, П.М. Пахмурный, Ш.Я. Шафиро, Х.Ғ. Айдарова, С. Құрманбеков, Ө. Малыбаев, М. Әбдіхалықов, Ө. Мұхтаров секілді еңбекшіл тарихшылар ортасында ғылыми жұмыстарға әбден төселіп, іргелі ой айтатын, тартыс-таласқа түсер табандылықты, адамгершілік қасиеттерді игерді.

Қызмет бабында да тұрмыс жағдайындағы алғашқы қиындықтарға да осында жүріп төселді, нағыз ғалым ретінде толығымен қалыптасып үлгерді.

Манаш Қабашұлы өзінің естеліктерінде: «Бізге үлкен ықпал еткен ұстаздың бірі Серікбай Бейсембаев болды. Өзі сымбатты, әнші, биші, сері, зиялы қауым көсемдерінің бірі болған ол спортты жаны жақсы көретін, шахматты сүйіп ойнайтын. Демократтығы тағы бар. Бәйбішесі төрелер әулетінен, кезінде санаулы сұлулардың бірі болған, қайраткер Рәбиға Жәңгірованы бүкіл республика білетін.

...Секең демалысқа шықты. Ұзақ жылдар аурудың бейнетін көрді, “достары” тастап кетті. Сол кезде ұстазымның қасында болдым, соңғы сапарына қолымнан аттандырдым. Шәкірттік парызымды өтедім ғой деп ойлаймын. Біз ағаларымызға қарап бой түзедік, өстік, өндік. Қатар жүрген ағаларға әрқашан қарыздар болатынымыз осыдан», - деп ұстазын асқан ылтипатпен еске алады [18]. Міне, әке мен бала арасындағыдай ұстаз бен шәкірт арасындағы өзара ықпалдастық осындай үзік сырлардан анық көрінері анық.

Қазақ халқының тарихында ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейінгі қалыптасу, даму жолында шығармашылығымен ұрпақтар дүниетанымын нұрландырған талай ойшыл-ғұлама тұлғалар тағылымы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. ХХ ғасырдың 30-90-жылдары мен қазіргі ХХІ ғасырдың басындағы қазақтың рухани құндылықтар қазынасын байытқан, сондай тұлғаларымыз – Серікбай Бейсембаев пен Манаш Қозыбаев. Олар – қазақ және оның аймағынан тысқары жерлерде де артында қалған мұраларымен және халқына сіңірген еңбегімен танылған зерттеуші-қайраткерлер.

«Ғалым болу міндет емес, азамат болу міндет». Қос тұлға да ғалым ретінде танылмастан бұрын-ақ ұлтжанды азамат ретінде көзге түсті.

Ғылымға партия тарихын зерттеуші болып келген Манаш Қабашұлының шабытына тәуелсіздік қамшы салған тұста көсемсөз арқылы тарихи публицистиканың тамаша үлгілерін көрсетті. Ұлт болашағы үшін күрестің қандай қатал замандар болмасын, ешуақытта тоқтамайтындығын, бұл ретте өміршең ойларды елге жеткізуде тарихи деректерге сүйене отырып жазылған құнды шығармалардың мол мүмкіндіктерін барынша пайдалана білудің маңызы зор екендігін дәлелдеп берді.

Қазақ халқының ардақты ұлдары, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның өркендеу жолында ерен еңбек атқарған асыл азаматтар – **Серікбай Бейсембайұлы Бейсембаев** пен **Манаш Қабашұлы Қозыбаев** кісілікке кір шалдырмай, адам деген ұлы атқа дақ түсірмей өткен рухы биік парасатты нар тұлғалар. Ұлтын ұлықтаумен өткен қос арысты енді ұлты ұлықтауда. Ердің еңбегі еліне сіңбесе, елі де оның рухын төбесіне көтеріп, есімін қастер тұтпас еді. Дүние жалған туралы «Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» деген философиялық толғамды айтқан ұлы Абайдың сөзіне еріксіз тоқталасаң.

Әдебиеттер

1 ҚР ПМ. 811-қ., 16-т., 1161-іс. 10-п.; -15-п.

- 2 Академик Серкбай Бейсембаев. – Алматы, 2004. – 362 с.
- 3 Серкбай Бейсембаевич Бейсембаев. Государственный, общественный деятель, академик АН Казахстана, доктор исторических наук. К 100-летию со дня рождения (27 декабря 1912 г.-20 декабря 1989 г.): Сборник документов. – Алматы: АП РК, 2012. – 145 с.
- 4 Дудкина А. Славные вехи // Вечерняя Алма-Ата, 1972, 21 ноября.
- 5 Аманкелді Иманов. Мақалалар, құжаттар, материалдар / С.Б. Бейсембаевтың редакциялық етуімен. Құрастырушылар: М.Қ. Қозыбаев, П.М. Пахмурный. - Алматы: Қазақстан, 1974, - 264 б. (орыс тілінде); Осы кітап. – Алматы: Қазақстан, 1975. – 266 б. (қазақ тілінде).
- 6 Бейсембаев С., Қозыбаев М. Революция ардагері // Қазақстан коммунисті, 1973, № 3. – 33-38-бб.
- 7 ҚР ПМ. -163-нл-қ., 1-т., 140-іс, 1-7; - 8-12-пп.
- 8 ҚР ПМ. 811-қ., 15-т., ед.хр. 4.
- 9 Козыбаев М, Голикова З. Золотой фонд партии. Из опыта кадровой политики КПСС. –Алма-Ата: Казахстан, 1973. – 172 с.
- 10 Юдин И. Отзыв на монографию «Из истории кадровой политики КПСС. 1972, 31 май / Пікір М.Қ. Қозыбаевтың жеке мұрағатында сақталған.
- 11 ҚР ПМ. – 811-қ., 16-т., 1157-іс, 1-51-пп.
- 12 ҚР ПМ. – 811-қ., 16-т., 1157-іс, 34-37-пп.
- 13 ҚР ПМ. 163-нл – қ., 1-т., 1-іс, 10-11-пп.
- 14 ҚР ПМ. 708-қ., 65-т., 5-іс, 107-п.; Қазақстан КП XIV съезі. Стеногр. есеп. –Алматы, 1976. – 70-б.
- 15 Абуталипов Ч. Золотой фонд партии // Партийная жизнь Узбекистана, 1974. - № 6. - С. 93-95.
- 16 «Золотой фонд партии»... На костре по воле партии. Беседа с корреспондентом Н. Ситько // Наука Казахстана, 1997, 1-15 ноября.
- 17 Қозыбаев М.Қ. Жұлдызым менің. – Алматы: Арыс, 2001. - 240 б.
- 18 Қозыбаев М.Қ. Есею жылдары // Жұлдызым менің. – б.